

**«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы»
мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
өзіндік аттестаттау қорытындысы.**

Мазмұны:

5.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы	2
5.2. Кадрлар құрамын талдау	8
5.3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет	11
5.4. Оқу- әдістемелік жұмыстар	12
5.5. Оқу- тәрбиелік жұмыстар.....	14
5.6. Оқу- материалдық активтер	15
5.7. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	17
5.8. Балалардың білімін бағалау	18
6. Өзіндік аттестация өткізу бойынша қорытынды	19-20
7.Қосымшалар.....	

Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шаттық» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасы» Ырғыз ауданы әкімдігінің 2020» жылғы 30 желтоқсандағы № 490 Қаулысының негізімен құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымының құрылтайшысы – Ырғыз ауданының әкімдігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының негізгі басшылығын ала отырып мекеме өз жұмысын жалғастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы мен Ырғыз аудандық білім бөлімі болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 030413, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы, Шеңбертал ауылы, Астананың 10 жылдығы 1 ғимарат.

Мектепке дейінгі ұйымының заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар.

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 1960 жылы салынған. Қабаты-1, іші жарық, тоқ жылу жүйесі, қанағаттанарлық күйде.

Топтық және жатын бөлмелері 2 топқа арналған.

Жобалық қуаты-30

Жалпы тізім бойынша-30

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттігін олардың мүддесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке оқуға дайындау болып табылады.

Білім беру мекемесінің үлгісі- мектепке дейінгі білім және тәрбие беру мекемесі.

Білім беру мекемесінің түрі- бала даму орталығы.

Жұмыс жасау тәртібі- жыл бойы.

Басқару жүйесі және жұмыс тәртібі.

Мекеменің жұмыс тәртібі: 5 күндік, демалыс күндері- сенбі, жексенбі және мейрам күндері. Жұмыс уақыты: 08.00- 18.30. Күн тәртібі, сабақтар кестесі оқу жоспары мен СанЕмН талаптарына сәйкес құрылған. Оқу сабақтарының кестесі балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалған.

Ішкі басқару жүйесін сараптау.

Сараптау мақсаты: педагогикалық процеске, оның нәтижелелігі мен актуалдығы, педагогикалық ұжымның кәсіптік шеберліктерін дамыту, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде шығармашылық потенциалын көтеру мақсатында ішкі басқару жүйесінің әсерін анықтау.

Білім беру процесіне қатысушылардың жұмысының нәтижесін бақылау және уақытылы сараптау кері байланыс жүйесінің бар екенін дәлелдейді. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара ақпаратпен алмасу және әртүрлі әдістер арқылы бақылау кері байланыс жүреді. Нәтижелерді қорытындылау және бақылау ақпаратты жинақтау мен сараптау:

- ертеңгіліктер, сайыстар, көрмелер;
- ішкі бақылау нәтижелері;
- педагогтердің өзіндік есептері, ашық сабақтары;
- тамақтану процесін тексеру;

Аталған ақпараттар жинақталып, жүйеленіп, сарапталып қорытынды есептер, баяндамалар, интернет-сайт, газеттер арқылы педагогтерге, ата-аналарға жеткізілген.

1) Ұйымның қызмет көрсетуіне құқықтық негізі: ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысы әділет департаменті Шалқар ауданының әділет басқармасының Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: № [100240018119](#) жылғы «19» ақпан. (*қосымша № 1*)

2) Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі- Жарғы (*қосымша № 4*) Жарғы «Білім туралы» заңның 41-бабын және ҚР Үкіметінің ж.. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Ырғыз аудан әкімінің 2020 жылдың 23 желтоқсананың №469 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 118-1904-07-МК № [100240018119](#) Алғашқы тіркеу күні 19 ақпан 2010 жыл. Жарғы 22 беттен тұрады, нөмірленіп, тігілген.

3) Кәсіпорынның жұмыс жасауды бастауға берілген лицензия № KZ96RVK00027277 Лицензия берілген мерзім: 21.01. 2021ж. (*қосымша №5*)

4) Мектепке дейінгі ұйымының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар Тұрақты жер пайдалану актісі бар (*қосымша №7*), жер учаскесінің кадастрлық нөмірі [02-025-006-380](#). Жалпы алаң: 555,2ш.м. Жер учаскесінің алаңы: 0,795га. Мектепке

дейінгі ұйымның ғимараты электрлі токпен жылытылады

<i>Ғимарат</i>	<i>Салынған жылы</i>	<i>Күрделі жөндеуден өткен жылы</i>	<i>Мекеменің түрі</i>	<i>Жылу жүйесінің түрі</i>	<i>Ауданы</i>
негізгі	1960	2004	приспособленный	электр	555,2ш.м.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» 2010 жылы ашылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырады.

2021-2022 жылы мекеменің материалдық базасын жаңарту мақсатында төменгі құрал-жабдықтар алынған:

№ Атауы саны сомасы барлығы алған мерзімі

1 Вывеска	2	42800	85600	2021ж кыркүйек
2 Кілем 3*2	4	50000	200000	
3 Сүлгі	30	2000	60000	
4 Қасық	30	200	6000	
5 Тазик	2	2000	4000	
6 Плитка	1	5000	5000	
7 Көпшік тыс	25	1000	25000	
8 Герб	1	10999	10999	

7) Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕМН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

5) Сонымен қатар мекеме жыл сайын СанЕМН балаларды тамақтандыратын ас мәзірін бекітеді. Балабақшада балалар 3 мезгіл тамақтанады. Ас мәзірі 2 мезгілге бөлінген: жазғы-күзгі, қысқы-жазғы

6) «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» дамуын жетілдіретін бағдарлама- Даму жоспары. Онда ұйымның мақсаты, міндеттері және оларды жүзеге асыру жолдары атап көрсетілген. Даму бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады: дайындық- жоспарлау, практикалық- негізгі, қорытынды. Жоспар 2022- 2025 аралығын қамтиды.

Даму жоспары 8 бөлімнен тұрады:

- 1) Түлек жеке тұлғасының моделі
- 2) Материалдық-техникалық жарақтандыру
- 3) Басқару және ғылыми - әдістемелік жұмыс.
- 4) Медициналық және гигиеналық алдын алу
- 5) Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мазмұнын жаңарту
- 6) Ағартушылық-тәрбие жұмысы
- 7) Дене шынықтыру-сауықтырушылық жұмысы
- 8) Ата – аналармен жұмыс

7) Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу іс-әрекет кестесі Бес білім беру саласы талабы бойынша базистік жоспарға және ҚР МЖМБС 1.001-2009 талаптарына сай құрылған. «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жұмыс жоспарлары ҚР МЖМБС Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы және 2012 жылдың 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізінде құрылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің перспективалық жоспарлары, технологиялық карталары және балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммалары талапқа сай құрылған.

8) «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-ң іс номенклатурасы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалған. Іс номенклатурасы қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелер тізбелерінен құрылған:

Басқару қызметі.

Шаруашылық бөлімі.

Медициналық қызмет.

Бастауыш кәсіподақ қызметі

Тәрбиешілер

Ұйымның іс номенклатурасы аудандық мұрағат меңгерушісімен бекітілген.

9) «Шаттық» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 3 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Ырғыз аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.

2019 жылдың 01 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 6 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, тәрбиешіде бірлік тәрбиеші-5 ш.б,

2020 жылдың 04 қаңтарында штаттық кесте бойынша- 6 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде: меңгеруші-1, меңгерушіде, оқытушысы- 0,25 тәрбиешіде ш.б., бірлік тәрбиеші-4 ш.б.

2021 жылдың 01 қыркүйегінде штаттық кесте бойынша- 5-педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде: меңгеруші-1, 5меңгерушіде, музыка жетекшісі- 0,5тәрбиешіде, орыс тілі оқытушысы- 0,25 әдіскерде, бірлік тәрбиеші-3 ш.б.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкестігі кестеде берілген.

ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығын, ҚР «Білім туралы» заңын, Жарғы мен ішкі тәртіп ережесін басшылыққа ала отырып, «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары жазылған. Жалпы ереже, міндеттер, құқықтар, жауапкершілік тармақшаларынан тұратын лауазымдық нұсқаулық әрбір қызметкерге берілгендігі туралы жинақ папкасы мен журналы бар.

10)Басқару жүйесі.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ бірнеше функцияларды орындайтын ұйым: оқыту- тәрбиелеу, шаруашылық қызмет, кадр және әдістемелік қамтамасыз ету; аталмыш үдерісті басқару және әкімшілік қызмет. Қазіргі таңда заңды функцияны ұйымда Педагогикалық кеңес және Жалпы ұжым жиналысы орындайды. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды мекеменің меңгерушісі жүргізеді.

Мекеменің өз жұмысында ішкі локальді актілер және Жарғыны басшылыққа алады. МДҰ-ы жұмысына білім беру үдерісіне қатысушылар қатыстырылады: педагогтер, қызметкерлер, ата-аналар, тәрбиеленушілер.

Мекеменің негізгі қызметі Жарғымен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен («Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 30 тармағы негізінде дайындалған), лауазымдық міндеттер (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» қосымшаҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы негізінде дайындалған), басқа да нормативтік- құқықтық актілермен реттеледі.

Мекеменің меңгерушісі мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқарады. Оның қызметі үш бағытта жүреді: тәрбие мен әдістемелік жұмысқа басшылық ету, әкімшілік-шаруашылық мәселелерін шешу, отбасымен жұмыс жүргізіп, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық ағарту жұмысын ұйымдастыру.

Меңгеруші тарапынан бақылау жоспары, циклограммасы құрылған.Оның тексеретін объектілері:

- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтау;
- Оқыту- тәрбиелеу жұмысы;
- Кадр мәселесі, педагогтердің аттестациясы, санаттарын көтеру;
- Социуммен байланыс;
- Әкімшілік- шаруашылық және қаржылық қызмет;
- Мекемеде тамақтануды ұйымдастыру;
- Балалар мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі.

Бақылау сұрақтары әртүрлі деңгейде: педагогикалық кеңестерде, жалпы ұжым жиналысында, өндірістік жиналыстарда, меңгеруші жанындағы отырыстарда қаралады.

Бақылаудың тиімділігінің ең маңызды әдісі- мониторинг. *Мониторинг мақсаты:*

МДҰ-да оқыту- тәрбиелеу үдерісінің сапасы туралы толық біртұтас екеніне көз жеткізеді, болашаққа жоспар мен мақсат, бағыт анықтайды.

Міндеттері:

- Балалардың даму деңгейін бақылау;
- Балалардың мектепке дайындылығын анықтау;

- Балалардың денсаулығының және физикалық дамуының жағдайын сараптау;
- МДҰ-да балалардың тамақтану процесінің ұйымдастыруын бақылау;
- Оқу- материалдық базасын бағалау;
- Балабақша ата-аналарының МДҰ қызметімен қанағаттанарлық деңгейін анықтау;

Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген, тігілген, нөмірленген.

Әдіскер жұмыс жоспары негізінде балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жүйелі жұмыстар жүргізген. Әдіскер құжаттары іс номенклатурада берілгендей талапқа сай, құжаттары толық жинақталған.

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-н басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның меңгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы

Басшылық төмендігі қағидаларды басшылыққа алады.

- оқыту- тәрбиелеу үрдісіне қолайлы жағдай жасау, үдеріске қатысушылардың әлеуметтік тұрғыда қорғаныс жасау арқылы гуманистік басқару;
- өзі білімін жетілдіру мүмкіндігі және ынтымақтастығын құру, серіктестік негізінде білім беру субъектілерінің демократиялық өзара қарым-қатынасын қолдау;
- ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдану арқылы басқаруды ғылыми тұрғыда жүргізу;
- әкімшілік басқару мен өзіндік басқару жұмысын шабыстыру.

Басқару әрекеті бөбекжай-балабақшаның барлық саласын демократиялық негізде бақылау түрінде жүргізіледі. Білім беру үрдісінің кемшіліктері мен жетістіктері педагогикалық кеңесте қаралады. Басқару процесіне кәсіподақ ұйымы мен ата-аналар комитеті белсене қатысады. Басқару жұмысы жылдық жоспарда көрсетіледі.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да «Білім туралы» Заңына, МДҰ Жарғысына сәйкес жалпы мақсатты көздейтін оқыту және тәрбиелеу процесін жүргізетін педагогтер ұжымы бар. Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру бойынша әкімшілік қауымдасқан, біріккен команда құру принципіне жүгінеді.

МДҰ-да әкімшілік басқаруды меңгеруші және әдіскер жүргізеді. Балабақша меңгерушісінің негізгі функциясы білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысы педагогикалық кеңес және басқа да мемлекеттік-қоғамдық ұйымдар арқылы реттейді.

Сабактар бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізеді. МДҰ-н оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік, ата-аналармен жұмыс жасау мәселелері педагогикалық кеңесте шешіледі.

Әкімшіліктің негізгі қызметін реттейтін басқару аппараты: меңгеруші жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы. Осы аталған отырыстарда балабақшаның мәселелері, есептер, тексеріс қорытындылары, ақпаратпен алмасу жүреді.

Балабақша Жарғысына, лауазымдық міндеттерге, штаттық кестеге байланысты әкімшіліктің міндеттемелері бөлінген. Басқару жүйесі жеке (меңгеруші, педагогтер) (Педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы) арқылы жүзеге асырылған. Балабақшаның барлық салаларының, бүкіл ұжымның толық мақсатты түрде қызмет істеуіне әкімшіліктің басқаруын қамтамасыз етеді.

Басшылық қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық меңгерушісінің құжаттарының жүргізілуі тексеріледі.

Медбикенің құжаттары (медбике:Елешова Ақмоншақ) ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 17 ақпанындағы № 10275 негізінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған. Сол талапқа сай медбикедің нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ араланып, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени-гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексеріледі.

Шаруашылық меңгерушісінің(Алмағанбетова Ғайни) құжаттары да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық меңгерушісінің еңбек

қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай.

11) МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу әдістемелік жұмысында педагогикалық кеңес басты міндет атқарады және маңызды болып есептеледі. 2019-2020 о.ж. жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы, 2020-2021 о.ж. жылдық жоспарымен таныстыру, шығармашылық топтың жұмыс жоспарын бекіту, мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстарын талқылау қыркүйек айында дәстүрлі түрде, Тақырыптық тексерістің қорытындысы; Заттық ойындарды ұйымдастыру, Монтессори әдісінің элементтерін қолдану, ҰОҚ қазан айында іскерлік ойын түрінде, 2020-2021 о.ж I жарты жылдығына арналған оқу-тәрбие жұмысының қорытынды есебі, аралық диагностика қорытындысы, МД білім мен тәрбие беру жүйесінде ата-аналармен жұмыс жоспарын тексеруге арналған тақырыптық тексеріс қорытындысы, МДҰ білім мен тәрбие беру жүйесінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың «2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың II –ші жарты жылдық қорытынды есебі, тақырыптық тексеріс қорытындысы, б/б-ғы балалардың денсаулығы мен физикалық дамуының жай-күйі, қорытынды диагностика индикаторының қорытындысы, 2020-2021 о.ж. балабақшадағы психологиялық-диагностикалық жұмыстар, 2020-2021 о.ж. арналған мамандар жұмысының есебі мамыр айында «Оқу жылында педагогикалық ұжымның жұмыс қорытындысын талдау» тақырыбында дөңгелек үстел түрінде 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңесте тақырыптық тексерістердің анықтамалары, сонымен қатар, педагогикалық кеңестердің шешімдері оқылды. Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы үнемі бақыланып отырады.

МДҰ-ғы педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, тігілген, мөр басылған.

12) Тәрбиеленушілер контингенті туралы.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да жалпы тізім бойынша -30 бала. Балалардың құрамы 1-5 жасқа дейінгі аралығын қамтиды, барлығы 2 топ, оның ішінде оқыту- тәрбиелеу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы -30 бала.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

Оқу жылы Саны

2017-2018ж. 30

2018-2019 ж. 30

2019-2020ж. 30

2020-2021ж. 30

2021-2022ж. 30

Барлығы: 150

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы №633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес» «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

5.2. Кадрлар құрамын талдау

1«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 5 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Ырғыз аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген. *(қосымша №12)*

Меңгеруші	1 Меңгеруші	1
Тәрбиешілер	5 Тәрбиешілер	5
Тәрбиеші көмекшісі	2 Тәрбиеші көмекшісі	2
Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1 Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1
Медбике	1 Медбике	1
Бас аспаз	2 Бас аспаз	1
Үй сыпырушы	1 Үй сыпырушы	1

электрик	1	электрик	1
Кір жуу операторы	1	Кір жуу машинасының операторы	1
Күзетші	3	Күзетші	3

2)Берілетін пәндерге сәйкес базалық білімі бар тәрбиешілер мен педагогтардың саны:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білімі	Соның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Соның ішінде мектепке дейінгі	орта білімі
2017-2018	6	2	2	3	3	0
2018-2019	6	2	2	4	3	0
2019-2020	6	3	3	3	4	0
2020-2021	6	3	3	5	4	0
2021-2022	6	3	3	5	4	0

3)Базалық білімі жоқ тәрбиешілер мен педагогтардың саны:2021-2022 барінде бар

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Аяқталмаған жоғары	Аяқталмаған арнаулы орта
2017-2018	6	1	-
2018-2019	6	1	-
2019-2020	6	1	-
2020-2021	6	2	-
2021-2022	6	2	-

4)Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60жастан жоғары
2017-2018	6		5	1		
2018-2019	6		5	1		-
2019-2020	6		5	1		-
2020-2021	5		5	1		-
2021-2022	5		5	1		

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленген. Барлық қызметкерлердің еңбек өтілінің есептелінгені туралы хаттама толтырылған.

5) Кадрлардың жаңалануы:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Келгені	Кеткені	
			Декреттік демалыс	Өз еркімен
2017-2018	6			
2018-2019	6			
2019-2020	6			
2020-2021	6			
2021-2022	6			1

Соңғы жылы педагогикалық қызметкерлердің тұрақтағаны байқалады.

6) Ұймының педагогтармен қамтылуы:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Штаттық кесте бойынша	Үлесі
2017-2018	6	6	1
2018-2019	6	6	1
2019-2020	6	6	1
2020-2021	6	6	1
2021-2022	6	6	1

7) Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2017-2018	6			4	2
2018-2019	6				6
2019-2020	6			1	5
2020-2021	6			1	4
2021-2022	6			2	4

8) Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Базалық пән бойынша
2017-2018	6	4
2018-2019	6	
2019-2020	6	1
2020-2021	6	1
2021-2022	6	4

Соңғы екі жылдық салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару алғашқы оқу жылымен салыстырғанда 50%-ға өскен

Педагогтардың ішінде жоғары білімі бар- 3 педагог (50%), соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар-1 (12,5%) педагог, арнаулы орта білімі бар-3 педагог (50%), соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар 3 (50%)- педагог, аяқталмаған арнаулы орта білімді – 0 (%) педагог.

9) Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	0-ден 5жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2017-2018	6		6			
2018-2019	6		6			
2019-2020	6		6			
2020-2021	6		6			

2021-2022	6		6			
динамика						

. 5-10 жыл аралығында 100 пайызға тұрақты жұмыс істеп келе жатқан мамандар

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымында қадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары жазылған, нөмірленген және тігілген. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтардың мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

5.3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет.

1) ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы № 633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес» «Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер өтініш жазып, балабақшамен келісімшарт толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

5.4. Оқу-әдістемелік жұмыстар

1) Мектепке дейінгі ұйымның 2 топтың оқу-тәрбие үдерісі 2020-2021 оқу жылында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

2020-2021 оқу жылының оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Занының 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға білім беретін оқу бағдарламасы және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызметі кестесі Бес білім беру саласы талабы бойынша базистік жоспарға сай құрылған.

2) Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары, 2019-2020 о.ж. бастап жобалау технологиясы, биылғы оқу жылынан бастап іріктірілген технологиясымен мнематехникалық кесте бойынша әдісқолданып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері ертегі терапиясы, ойын, сахналау, оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері

мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау әдісі қолданылады.

3)МДҰ-ның 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 о.ж. арналған оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісуімен бекітіледі. Үш жылдың жылдық жоспарларында балабақшаның проблемасы көрсетілген, 2017-2018 о.ж. бастап балабақша «Жаңа технологиялар негізінде балалармен жүргізілетін жұмыстар арқылы жаңашыл жеке тұлғаны қалыптастыру» проблемасы бойынша жұмыс істеп келеді. Биылғы оқу жылында педагогикалық ұжым аталған проблема бойынша жұмысын қорытындылап, шығармашылық есеп берді. МДҰ-ғы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту – тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаңалау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады. Жылдық жоспарда балабақша жұмысының үш негізгі бағыты айқындалып көрсетілген: әлеуметтік-әкімшілік, әдістемелік ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс. Әлеуметтік-әкімшілік бағыты бойынша балабақшаның қоғамдық ортамен бірлестігі, дамытушы органы құру, отбасымен серіктестік орнату, педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау міндеттері, әдістемелік ұйымдастыру бағыты бойынша байқауларға қатысу, кәсіби біліктіліктерін көтеру міндеттері, сонымен бірге, ата-аналармен жұмыс бағыты бойынша отбасында баланы тәрбиелеуге көмек көрсету, ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту, педагог пен ата-ана арасында тиімді серіктестік құру, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатыстыру міндеттері қойылып отыр. Осыған орай, МДҰ-ның жылдық жоспары жеті негізгі бөлімнен құрылған: кіріспе, педагогтардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру, педагогикалық кеңестер, балалармен жұмыс, балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау, отбасылық тәрбие, балабақшаның материалдық базасын жақсарту.

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-да оқыту-тәрбиелеу жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Кешенді-тақырыптық жоспарлау арқылы балалардың барлық даму бағыттары бойынша оқыту-тәрбиелеу міндеттерін шешуде білім беру үдерісін жаңғырту;
2. МДҰ-ғы дене шынықтыру-сауықтыру және шынықтыру шаралары арқылы тәрбиеленушілердің денсаулықтарын физикалық және психикалық жағынан сақтау және нығайту. Балалардың бойында саламатты өмір салтын ұстанудың дағдыларын қалыптастыру үшін балабақшада денсаулық сақтаушы ортаны жаңғырту;
3. Бірлескен әртүрлі қызметтер арқылы тәрбиеленушілердің эстетикалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту
4. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары арқылы педагогикалық ұжымның кәсіптік деңгейлері мен біліктілік құзыреттіліктерін арттыру жұмыстарын жалғастыру

4)Жалпы ҰОҚ-нің кестесін құруда төмендегідей принциптер басшылыққа алынды: мектеп жасына дейінгі баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету баланың бойына түсетін салмақ пен физикалық жүктемелерге байланысты дене шынықтыру ҰОҚ-нің алдында 5-10 минут үзіліс беру, топтарда тәрбиешілер балалармен тақпақ жаттау, ән үйрету сияқты қосымша жұмыстармен айналысады. Үш жылдың ҰОҚ-нің кестелері де СанЕМН-ге сәйкес құрылды, күн тәртібінде белгіленген уақытта оқу қызметін өткізу жоспарланды.

Жазғы маусым кезеңіне арналған ҰОҚ-нің кестесін құруда балаларға салмақ түсірмеу, еркін іс-әрекетке мүмкіндік жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жазғы сауықтыру кезеңіне сәйкес балалардың дендерін шынықтыру, денсаулықтарына оң әсер тигізу принциптері негізге алынды. Осыған орай, барлық топтарда апталық жүктемесі 6 сағаттан аспайтын дене шынықтыру, музыка, сурет салу, аппликация мен мүсіндеу ҰОҚ-і кестеге енді. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетін далада, таза ауада өткізу міндеттелді. Тек соңғы 2021-2022 о.ж. арналған жазғы маусымдық оқу іс-әрекетінің кестесіне балалардың тілдерін дамыту, жаттықтыру, көркем әдебиетке баулу мақсатында көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттері қосылды. Жазғы оқу қызметінің кестесін құру кезінде базистік оқу жоспарында белгіленген сағат көлемі негізге алынып, әзірленді.

5)Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары және мнематехникалық әдіс қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері дәстүрден тыс сурет салу ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді

формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

5.5. Оқу-тәрбиелік жұмыс

1) МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысында бала құқығына, жалпы құқықтық тәрбиеге баса назар аударылады. Педагогтердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін көтеру мақсатында жылдық жоспарда арнайы құқықтық білімдерін көтеру жоспары құрылған. Ай сайын педагогтерге «ҚР-ның тіл туралы Заңы», «ҚР-ның білім туралы Заңы», Президенттің жыл сайынғы жолдаулары, Еңбек кодексі, бала құқығы туралы конвенция, неке және отбасы туралы Заң тақырыптары әдіскер жанындағы кеңестерде немесе әдістемелік кеңестерде оқылып, талқыланады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның жаңаруына, жас мамандардың келуіне байланысты үш жылдық жоспарда да әдістемелік кеңесте қаралатын сұрақтардың ішінде бала құқығы туралы Конвенция міндетті түрде қарастырылады. Сонымен бірге, жылдық жоспарда ҚР-ның мемлекеттік рәміздерді насихаттау, құрметтеуге байланысты арнайы жоспар құрылған. Жоспарға сәйкес, балабақша тәрбиеленушілерімен желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Өнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» апталығы ұйымдастырылып, сол апталықтың шеңберінде танымдық тәрбие оқу іс-әрекеттері, «Аспанда күн жарқырайды» суреттер байқауы, ортаңғы топтар арасында «Менің рәміздерім-менің мақтанышым» портфолио көрмесі, сонымен бірге, маусым айындағы рәміздер күніне орай, «Мемлекеттік рәміздер» күні жоспарланып, кіші, ортаңғы мен ересек топтың балалары арасында «Президент таңдаған Гимн» менің құқығым бар» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Биыл оқу жылында Тәуілсіздіктің 30 жылдық қарсаңында «Тәуелсіздік теңдігі» тақырыбында көрме ұйымдастырылып жұмыс жүргізілуде. Жыл сайын құқықтық тәрбиеге мән берудің арқасында балабақшамыздың тәрбиеленушілерінің ертеңгіліктерде, ашық көрсетілімдерде, танымдық іс-әрекеттерде құқықтық білімдерінің бар екендігін байқауға болады. Сұрақ-жауап, әңгімелесу арқылы балалардың туған жері, Отаны, мемлекетіміздің рәміздері туралы түсініктерінің қалыптасқандығы байқалады.

2) 2019-2020 о.ж. жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы, 2020-2021 о.ж. жылдық жоспарымен таныстыру, шығармашылық топтың жұмыс жоспарын бекіту, мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстарын талқылау қыркүйек айында дәстүрлі түрде, Тақырыптық тексерістің қорытындысы; Заттық ойындарды ұйымдастыру, Монтессори әдісінің элементтерін қолдану, Монтессори әлемінде ҰОҚ қараша айында іскерлік ойын түрінде, 2020-2021 о.ж. I жарты жылдығына арналған оқу-тәрбие жұмысының қорытынды есебі, аралық диагностика қорытындысы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың «[2020-2021](#) оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың II –ші жарты жылдық қорытынды есебі, тақырыптық тексеріс қорытындысы, б/б-ғы балалардың денсаулығы мен физикалық дамуының жай-күйі, қорытынды диагностика индикаторының қорытындысы, 2020-2021 о.ж. арналған тәрбиешілер жұмысының есебі мамыр айында дөңгелек үстел түрінде 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңесте тақырыптық тексерістердің анықтамалары, сонымен қатар, педагогикалық кеңестердің шешімдері оқылады.

МДҰ-ғы педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілеп, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Сапалы мектепке дейінгі білім беру (оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары, Мемлекеттік білім беру стандарттарына толықтай сәйкестендірілген, вариативті бөлімде экологиялық тәрбие, сахналық қойылымдар, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру сабақтары және т.б. еңгізілген).

3) МДҰ-ның оқыту мен тәрбиелеу жұмысында балабақша тәрбиеленушілерінің өзін – өзі жетілдіруіне үлкен мән беріліп, баланың бес білім саласы бойынша жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау мүмкіндіктері қолданылады.

Балабақшада балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын байқаулар баршылық.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің маңызды міндеттердің бірі – баланың танымдық қабілеттерін дамыту болып табылады. Соған сәйкес, биылғы оқу жылынан бастап балабақшада жобалау әдістері еңгізіліп, қолданыла бастады.

Мектепке дейінгі жас ерешеліктері бойынша баланы әлеуметтендіру жұмысына да ерекше көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі жас ерешеліктері бойынша балаларды оқыту мен тәрбиелеу балабақша мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынасқа

байланысты. Ата-аналармен әдістемелік жұмысында, Шеңбертал жалпы білім беру орта мектебімен сабақтастықта теңдік пен қатынас қағидалары жатыр. Педагогикалық ұжым өзінің оқыту мен тәрбиелеу жұмысын отбасымен тығыз қарым-қатынас жасау негізінде құрады. Өзара оқыту мен тәрбиелеу технологияларының өзгеруі «МДҰ+ата-ана+тәрбиеші» қатынастарының өзгеруіне байланысты, оның негізінде өзара сыйластық, сенімділік жатыр.

4) Мектеп жасына дейінгі баланың денін сауықтыру және шынықтыру мақсатында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балабақшада бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Дене шынықтыру, сауықтыру іс-шараларының жоспары құрылып, жыл бойына барлық топтарда жаппай сауықтыру шаралары жүргізіледі. Әр топта денсаулық бұрыштары бар, ол бұрыштар балаға түрлі спорттық және қимылды ойындар ойнауға мүмкіндік береді, сонымен бірге баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мен дамытуда ерекше орын алатын балабақшада спорт залы бар, балалардың денсаулықтарын нығайту мен дамытуға бағытталған қажетті барлық спорттық құрал-жабдықтармен – дерлік жабдықталған. Дегенмен, әлі толықтыруды қажет етеді. Қыс айларында балалар далада, таза ауада қысқы ойындар ойнап, шанамен сырғанайды, қыс мезгілінде балалар шана тебеді. Түрлі сауықтыру алашалары, массаждық төсеніштер де бар. Балалармен қимылды ойындар ойнату үшін түрлі ойын атрибуттары, қимылды ойындардың картотекалары да жинақталған. Сонымен бірге, балалардың дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру мақсатында тәрбиеленушілер арасында тоқсан сайын барлық топтарда денсаулық күндері өткізіледі. Түрлі ойындар ойнатылады. Дене шынықтыру жұмысының маңызды шарттарының бірі дені сау баланы тәрбиелеу. Дене шынықтыру іс-әрекеттері әрқашан дәстүрден тыс формада, дене шынықтыру құралдарын толық қолданылып жүргізіледі. Сонымен бірге, балалардың дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру мақсатында тәрбиеленушілер арасында тоқсан сайын барлық топтарда денсаулық күндер өткізіліп, ұлттық ойындар ойнатылады.

5) Пәндік – дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Пәндік дамытушы ортада балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгілінген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

5.6. Оқу- материалдық активтер.

1) Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымның аумағы дәстүрден тыс қолдағы материалдармен жабдықталған. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар, талапқа сай жабдықталған. Мектепке дейінгі ұйымда медициналық бөлме бар, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін, білім беру процесіне ата-аналарды баулу үшін материалдық базасын жетілдіру қажет.

2) Бөбекжай -балабақшасының территориясы 599.2 шаршы метрге созылған. Онда екі топқа арналған учаскелері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан.

Әрбір топты құрайды: балалар қабылдау бөлмесі, ойын және жатын бөлмелері. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдармен жабдықталған.

ҚР білім және ғылым министрінің 2012 ж. 07.03. № 97 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа ала отырып, балабақшаны құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілген.

Асханада өзіне қажетті асты даярлау және пісіру бөлмелері бар. 1 тоназатқыш, 1 аяздау камерасы, 1 электроплита, Сонымен қатар көкөніс, жемістер қоймасы және құрғақ тағамдарды сақтау бөлмесі бар.

Кір жуу бөлмелерінде 1 кір жуу жартылай пол автоматтық машина, 1 үтік бар.

Медбикенің алдын алу екпесі және алдын алу сақтандыру бөлмелері бар. Толық жабдықталған.

Меңгеруші, медбике, шаруашылық меңгерушісі кабинеттерінде, шаруашылық меңгерушіге арналған барлығы 1 ноутбук, 1 принтер бар

№	Жабдықтар	Саны
Кір жуатын бөлме		
1	Кір жуатын машина	1
2	Үтік	1
Асхана		
3	Электроплита	1
4	Еттартқыш	1
5	Тоңазытқыш	1
6	Мұздатқыш	1
Жалпы құралдар		
7	Ноутбук	1
8	Принтер	1
9	Шаңсорғыш	1
10	Дабыл қаққыш және өрт қауіпсіздігі жүйесі	1
11	Өрт сөндіргіш	2

Кабинеттер:

Меңгеруші-1

Шаруашылық меңгерушісі-1

Медицина кабинеті- егу-1,

Топтар-2

Асхана-1

Ас ішетін бөлме-1

Қойма-1

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығайтуды қажет етеді. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Топтарда бөлшектеп ыдыс-аяқ ауыстырылды. Бірақ өткізілген материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмысы жеткіліксіз, өйткені топтарда бала саны көп болғанына байланысты жұмсақ және қатты инвентарь, жиһаз, ыдыстар алу керек.

Медициналық құралдар СанЕмН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.

Өрт сөндірудің шиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлықкүйде.Әрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС»Өрт және еңбек қауіпсіздігіне жауапты шаруашылық меңгерушісі Алмағанбетова Ғайни . Өрт сөндіргіш құралдары- олардың 1 өрт сөндіргіш шиті,2 өрт сөндіргіш қраны. Дабыл қаққыш «ГРАНИТ» балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспары, кестесі қабырғада орналасқан.

5.7.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

МДҰ қызметкерлеріне арналған 1ноутбук бар, интернет желісіне қосылмаған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер жинақталған.

1)Мекеме төмендегі басылымдарға жазылады:

«Ұстаз», «Ақтөбе» «Айкын» «Ырғыз » «Ана тілі», «Ұстаз», «Егеменді Қазақстан» сияқты әдебие журналдарға жазылады.

2)Мектепке дейінгі ұйым топтарында демонстрациялық материалдар,үлестірмелі құралдар, жолда жүру ережесінің плакаттары, құстар,мәдени-гигиеналық шаралаға арналған көрнекіліктермен жабдықталған.Балалардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін дамытатын «Ғажайып ертегі», «Алтын күз келді бақшама» , «Әжелер-асыл жандар», «Елін сүйген, елін сүйген Елбасы», «Атадан өсиет, анадан қасиет» кітапшалары, математикалық және ойлау қабілеттерін дамытатын «Он көлеміндегі сандар», «Ақылды ертегілер», «Бөбектерге арналған қызықты ертегілер», «Қазақ халық ертегілері» және т.б. көптеген ертегі кітаптары мен суретті кітапшалары бар.

Мектепке дейінгі ұйым топтары ойын материалдары мен құрал— жабдықтармен толық қамтылған. Мектепке дейінгі ұйымда проектор және экран бар. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

5.8.Балалардың білімін бағалау

1)МДҰ-ның оқыту мен тәрбиелеу жұмысында тәрбиеленушілер өзін –өзі

жетілдіруіне үлкен мән беріліп, баланың бес білім саласы бойынша жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау мүмкіндіктері қолданылады.

Мекемеде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын конкурстар мен байқаулар баршылық.

2) Балалардың білім деңгейін анықтау ҚР МЖМБС 1.001-2009 стандартында белгіленген 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген. Мектеп жасына дейінгі баланың даму құзыреттілігінің индикаторларын толтыру стандартта белгіленген ең жоғары көрсеткіш – «қолданады», орташа деңгей – «түсінеді» және төмен деңгей – «жасайды» көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады. Айта кету керек, индикаторды осылай белгілеу өте тиімді және нақты, ыңғайлы болып табылады. Осылай деңгей анықтау арқылы әр білім саласы бойынша қолданатын, түсінетін, жасайтын балалар санын анық көруге болады. Тәрбиеленушілердің дамуының мұндай бағалау жүйесі арқылы тек топтық немесе жалпы балалардың ғана емес, әрбір жеке баланың даму көрсеткіштерін де көруге болады. Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша

№ Оқу жылдары «Денсаулық» «Қатынас»

І ІІ ІІІ І ІІ ІІІ

1	2017-2018 о.ж.	40%	25%	35%	37%	35%	28%
2	2018-2019 о.ж.	43%	32%	25%	41%	32%	27%
3	2019-2020 о.ж.	43%	37%	20%	40%	30%	30%
4	2020-2021 о.ж.	50%	25%	25%	45%	32%	23%
5	2021-2022 о.ж.	25%	35%	40%	23%	22%	55%

№ Оқу жылдары «Таным» «Шығармашылық»

І ІІ ІІІ І ІІ ІІІ

1	2017-2018 о.ж.	37%	38%	25%	42	35%	23%
2	2018-2019 о.ж.	45%	30%	25%	46%	52%	29%
3	2019-2020 о.ж.	47%	32%	21%	43%	36%	21%
4	2020-2021 о.ж.	41%	35%	24%	45%	36%	19%
5	2021-2022 о.ж.	20%	33	47%	25%	28%	47%

№ Оқу жылдары «Әлеуметтік орта»

І ІІ ІІІ

1	2017-2018 о.ж.	36%	39%	25%
2	2018-2019 о.ж.	30%	41%	29%
3	2019-2020 о.ж.	32%	39%	29%
4	2020-2021 о.ж.	36%	33%	31%
5	2021-2022 о.ж.	26%	28%	46%

3) Балалардың білім деңгейін анықтау ҚР МЖМБС 1.001-2009 стандартында белгіленген 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген. Мектеп жасына дейінгі баланың даму құзыреттілігінің индикаторларын толтыру стандартта белгіленген ең жоғары көрсеткіш – «қолданады», орташа деңгей – «түсінеді» және төмен деңгей – «жасайды» көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.

4) Мектепке дейінгі жас ерекшелігі бойынша баланың даму құзыреттілігінің индикаторларын толтыру стандартта белгіленген ең жоғары көрсеткіш – «қолданады», орташа деңгей – «түсінеді» және төмен деңгей – «жасайды» көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады. Айта кету керек, индикаторды осылай белгілеу өте тиімді және нақты, ыңғайлы болып табылады. Осылай деңгей анықтау арқылы әр білім саласы бойынша қолданатын, түсінетін, жасайтын балалар санын анық көруге болады.

5) Мектепке дейінгі ұйымының педагогтердің бір-бірінің ашық оқу іс-әрекеттеріне қатысу жұмысы жақсы жолға қойылған. Оқу іс-әрекеттеріне қатысу қорытындылары мен анықтамалары әдістемелік кеңес отырыстарында қорытындыланады. Оқу іс-әрекеттерін талдау карталары бар, әр оқу іс-әрекеттің түріне қарай әртүрлі талдау карталары жинақталған. Менгеруші тарапынан талдау карталарынан кейін әр педагогке қосымша

жалпы оқу іс-әрекетін өткізу шеберлігіне байланысты карта толтырылып, жылдық соңында анықтама түрінде беріледі.

Тәрбиешілерге арналған сауалнама көрсеткіші:

Сауалнама : Мен қандай тәрбиешімін.

Иә	кейде	Жоқ
3	1	0

5.8. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары, 2020-2021 о.ж. бастап жобалау технологиясы еңгізілді, биылғы оқу жылынан бастап кіріктілген сабақ технологиясы және мнематехникалық әдіс қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері дәстүрден тыс сурет салу, мнематехникалық кестелер, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

6.Өзіндік аттестация өткізу бойынша қорытынды.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МДҰ-н 10 қаңтар 10 ақпан аралығында өткізілген өзіндік аттестация барысында педагогикалық және басқару қызметінің жағдайы сарапталынды. Оқыту- тәрбиелеу жүйесі, әдістемелік жұмысының сараптамасы жүргізілді.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ МКҚК-н өзін өзі аттестаттау қорытындысы:

1. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік басқару қызметі жүйеленген.
2. Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің құжаттары талапқа сай жинақталған.
3. Балабақшада кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
4. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай.
5. Оқу- тәрбие жұмысы жеткілікті деңгейде деп саналсын.
6. Мектепке дейінгі ұйым компьютермен қамтылған интернет желісі тартылмаған.
7. Тәрбиеленушілердің білім деңгейі өлшеуіштері, білімдерін бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт тәртібіне сәйкес.
8. Білім беру сапасында бақылау формасын жүзеге асыру бойынша жоспарланған, бақылау жұмыстарының құжаттары талапқа сай жүргізілген.

Тексеріс бойынша анықталған кемшіліктер мен ескертулер:

1. Балабақшаның еңбек қауіпсіздігі бойынша құжаттары жүйеге келтірілсін.
2. Тәрбиешілердің ойын картотекалары жіктеліп, жинақталсын.
3. Аналитикалық жұмыстың қажетті деңгейге жеткізілсін.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МДҰ МКҚК-н өзін өзі аттестаттау қорытындысы бойынша ұсыныстар:

1. МДҰ-н әкімшілік басқаруының мекеме ішлік бақылау құжаттарын толық жүргізу.
2. Педагогикалық құрамның сапасын одан әрі жақсарту мақсатында «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
3. Педагогтердің деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілсін.
4. Жас мамандарға кәсіби деңгейді артыруға көмектесу мақсатында тәлімгерлік жұмысты жақсарту.

5. Педагогтердің деңгейін көтеру жұмыстары үнемі жүргізілсін.
6. Ата-аналар мен педагогтер арасында жүйелі қатынас орнатылсын.
7. Материалдық- техникалық база деңгейде толықтырылсын .
8. Педагогтердің білімді жетілдіру жұмыстары жүйеленсін.
9. Педагогтардың ұйымдастырылған оқу қызметіне интеграциялық және инновациялық технологияларды пайдаланулары жетілдірілсін.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МКҚК өзін- өзі аттестаттау қорытындысы бойынша мемлекеттік аттестаттауға дайын.

Комиссия төрайымы:МДҰмеңгеруші: м.у.а Г.Қ.Нұрмағанбетова

Комиссия мүшелері:

Тәрбиеші: Меңдіқұлова Шамшагүл

Тәрбиеші: Үмбетова Зәуреш

Медбике: Елешова Ақмоншак

Кәсіподақ төрайымы: Жанкина Ботагөз

шаруашылық меңгерушісі: Алмағанбетова Ғайни

Хатшы: Шынбергенова Жазира

Қосымша Д-3

Әкімшілік басқару құрамы туралы мәлімет.

№	Лауазымы	Аты-жөні	Қосымша мәлімет
1	Меңгеруші	Нұрмағанбетова Гүлмира	тәрбиеші
2	Шаруашылық меңгерушісі	Алмағанбетова Ғайни	
3	Медбике	Елешова Ақмоншак	

« Шаттық бөбекжай-бақшасы» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның өзіндік аттестаттау қорытындысы туралы Хабарлама

«Шаттық» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі аттестаттау жұмысын бастамас бұрын 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығының бағалау өлшем шарттары мен бірге 2021 жылдың 3 тамыздағы №634 бұйрыққа қосымша білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау және өткізу жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың 10 қаңтардан 14 қаңтар аралығында «Шаттық» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі аттестаттау жұмысын аяқтап, 15 қаңтар күні бақылау департаментіне құжаттары жіберілді.

5.1.«Шаттық» бөбекжай-бақшасының өзіндік аттестаттау қорытындысының мазмұны жазылды, өлшем шарт негізінде

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы

5.2. Кадрлар құрамын талдау

- 5 жылғы 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулы негізінде мектепке дейінгі ұйымның үлгілік штаттық кестесіне сәйкес
- базалық білімі бар педагогтардың саны
 - жас ерекшеліктеріне қарай кадрларға мінездеме
 - кадрлардың тұрақтылығы
 - біліктілік санаты бойынша мінездеме
 - біліктілік арттыру курстары
 - еңбек өтілі

5.3. Тәрбиеленушілердің контингенті туралы мәлімет

Бөбекжайдағы 5 жылдағы бала саны-30 баламен қамтылған, ата-аналармен келісім шарттары, балалардың қозғалыс кітабы, қатысым дәптерлері т.б

5.4. Оқу әдістемелік жұмыстар

Мектепке дейінгі ұйымның 2 топтық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, сонымен қатар жазғы маусымдық шаралардың жүргізілуі, оқыту мен тәрбиелеудің жылдық жұмыс жоспарының құрылуы №499 бұйрықты басшылыққа ала отырып жасалынды.

5.5. Оқу –тәрбиелік жұмыс.

МДҰ-ның оқыту –тәрбиелеу жұмыстарындағы атқарылған ертеңгіліктер, ашық қаралымдар жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар, Рухани-жаңғыру, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген шара жұмыстары

5.6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

МДҰ-ның қызметкерлеріне арналған нормативтерге сәйкес әдебиеттер, топтардағы демонстрациялық материалдар, үлестірмелі құралдар, 5 салаға арналған көрнекіліктер, өтпелі 9 тақырыптық көрнекіліктермен жабдықталғандығы туралы жинақталды.

5.8. Балалардың білімін бағалау.

Балалардың білім-білік дағдыларын бағалау және жеке даму картасы, барлық сала бойынша мониторингісі яғни бастапқы, аралық, қорытынды жинақтары жазылды.

5.9. Ғылыми-зерттеу жұмысы.

МДҰ-ның педагогтарының қолданатын технологиялары дәстүрден тыс сурет салу, ойын технологиясы т.б қолданулары

Хабарлама беруші:

Б.Ешпанова

6.Өзіндік аттестация өткізу бойынша қорытынды.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МДҰ-н 10 қаңтар 10 ақпан аралығында өткізілген өзіндік аттестация барысында педагогикалық және басқару қызметінің жағдайы сарапталынды. Оқыту- тәрбиелеу жүйесі, әдістемелік жұмысының сараптамасы жүргізілді.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы» МДҰ МКҚК-ң өзін өзі аттестаттау қорытындысы:

9. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік басқару қызметі жүйеленген.
10. Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің құжаттары талапқа сай жинақталған.
11. Балабақшада кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
12. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай.
13. Оқу- тәрбие жұмысы жеткілікті деңгейде деп саналсын.
14. Мектепке дейінгі ұйым компьютермен қамтылған интернет желісі тартылмаған.
15. Тәрбиеленушілердің білім деңгейі өлшеуіштері, білімдерін бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт тәртібіне сәйкес.
16. Білім беру сапасында бақылау формасын жүзеге асыру бойынша жоспарланған, бақылау жұмыстарының құжаттары талапқа сай жүргізілген.

Тексеріс бойынша анықталған кемшіліктер мен ескертулер:

4. Балабақшаның еңбек қауіпсіздігі бойынша құжаттары жүйеге келтірілсін.
5. Тәрбиешілердің ойын картотекалары жіктеліп, жинақталсын.
6. Аналитикалық жұмыстың қажетті деңгейге жеткізілсін.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МДҰ МКҚК-ң өзін өзі аттестаттау қорытындысы бойынша ұсыныстар:

10. МДҰ-ң әкімшілік басқаруының мекеме ішілік бақылау құжаттарын толық жүргізу.

11. Педагогикалық құрамның сапасын одан әрі жақсарту мақсатында «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
12. Педагогтердің деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілсін.
13. Жас мамандарға кәсіби деңгейді артыруға көмектесу мақсатында тәлімгерлік жұмысты жақсарту.
14. Педагогтердің деңгейін көтеру жұмыстары үнемі жүргізілсін.
15. Ата-аналар мен педагогтер арасында жүйелі қатынас орнатылсын.
16. Материалдық- техникалық база деңгейде толықтырылсын .
17. Педагогтердің білімді жетілдіру жұмыстары жүйеленсін.
18. Педагогтардың ұйымдастырылған оқу қызметіне интеграциялық және инновациялық технологияларды пайдаланулары жетілдірілсін.

«Шаттық » бөбекжай-балабақшасы МКҚК өзін- өзі аттестаттау қорытындысы бойынша мемлекеттік аттестаттауға дайын.

Комиссия төрайымы: МДҰ меңгерушісі: м.у.а Г.Қ.Нұрмағанбетова

Комиссия мүшелері:

Тәрбиеші: Меңдікұлова Шамшагүл

Тәрбиеші: Үмбетова Зәуреш

Медбике: Елешова Ақмоншақ

Кәсіподақ төрайымы: Жанкина Ботагөз

шаруашылық меңгерушісі: Алмағанбетова Ғайни

Хатшы: Шынбергенова Жазира

Қосымша Д-3

Әкімшілік басқару құрамы туралы мәлімет.

№	Лауазымы	Аты-жөні	Қосымша мәлімет
1	Меңгеруші	Нұрмағанбетова Гүлмира	тәрбиеші
2	Шаруашылық меңгерушісі	Алмағанбетова Ғайни	
3	Медбике	Елешова Ақмоншақ	